



Педагог

№3 (63)
(Мамыр-Маусым)
(Май-Июнь)
2021

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Нургазиева. Баланы заманына қарай икемдеу керек	3
Г. Нургазиева. Дарындылық – адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі	4
М. Іздібаева. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану	6
И. Аймырзаұлы. Колледж студенттерін қашықтан оқытуда білім сапасын бақылаудың тиімді әдістері	10
Н. Ағниязова. Қашықтықтан білім беру формасы	12
А. Отызбаева. Қашықтықтан білім беруге арналған технологиялар	14
З. Аманшаева. Ұрпақ тәрбиесі – біздің болашағымыздың тірегі	17
О. Кирлешова. Кәсіптік білім берудегі жаңашылдықтың маңызы және оның өзектілігі	20
Ж. Исалиева. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың негізі	22
Л. Абулова, А. Кутубаева. Проблемы социальной адаптации воспитанников в домах юношества и способы их разрешения	24
А. Куриленко. Молодежь – светлое будущее страны!	27
А. Сундетбаева. Духовно-нравственные основы развития и воспитания личности учащегося	31
Ж. Жумағалиева, Б. Бошманова. Жылу электр станцияларын пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау	35
Г. Дауылбаева. Отбасы – бір мемлекет	37
З. Кенжебекова. Пәндерді тиімді оқыту және оқудағы әдіс-тәсілдердің маңызы	39
М. Серкебай. Өзіндік жұмысына баламалы бағалаудың тиімділігі	43
А. Селбаева. Робот техникасындағы пәнаралық байланыс	44
А. Утепбаева. Ағылшын тілін меңгерудің әлемдік стандарттары туралы студенттерге бағыт беру жолдары	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
07.06.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 07.06.2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Баланы заманына қарай икемдеу керек



Галия Онгаркызы НУРГАЗИЕВА,
Маңғыстау энергетикалық колледж
басшысының оқу-әдістемелік жұмыстар
жөніндегі орынбасары. «Педагогика
және психология» мамандығы бойынша
педагогикалық ғылымдар магистрі.
Жұмыс өтілі – 19 жыл. Мамандығы
қазақ тілі және әдебиеті пәні
оқытушысы.

Марапаттары:

2016 ж. Маңғыстау облыс әкімдігінен
ҚР Тәуелсіздігінің 25 жыл құрметіне
және Маңғыстау облысының білім беру
жүйесіндегі жетістіктері үшін Алғыс хат.

2019 ж. «Рухани жаңғыру» бағдарлама-
сы аясындағы «Ұлы дала жастары» рес-
публикалық олимпиадасының жүлдеге-
рін дайындағаны үшін **Алғыс хат**.

2019 ж. Қазақстан педагогтар қауым-
дастығы ұйымдастырумен өткізген рес-
публикалық «Үздік ұстаз-2019» байқауы-
нан диплом.

2019 ж. «Қазақстан Республикасының
білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі
үшін» ҚР Білім және ғылым министрлі-
гінен **Алғыс хат**.

2019 ж. «Берекелі елдігіміз бен бірлігі-
міздің нығаюына және өскелең ұрпаққа
білім мен тәрбие берудегі қосқан еңбегі
үшін» Маңғыстау облысының білім бас-
қармасының **Құрмет Грамотасы**.





Дарындылық — адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі



**Галия Онгаркызы
НУРТАЗИЕВА,
Маңғыстау
энергетикалық
колледж
басшысының
оқу-әдістемелік
жұмыстары
жөніндегі
орынбасары.**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [1]. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс.

Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту — бүгінгі күннің басты талабы.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қоймады. Сондықтан да, біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығы-

мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «Дарындылық — белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

В. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде: «Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады», -деп тұжырымдады.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдары да бар [2].

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы. Талант — қабілеттіліктің ең жоғары деңгейі.

Данышпандық — қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйелі дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар алатын, бір тума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру бұл әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді.

В.В. Давидо: «Жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жады: жеке тұлғаның маңызы жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттігіне байланысты», - деп есептесе [3], Б. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық — бұл ерекше тұрғыдағы жа-



сампаздық, жаңадан жасалынған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сопылығымен, бір тумалығымен ерекшеленетін болса, онда бұл нәрсені туғызатын шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады» [4].

Дарынды және ерекше қабілетті балаларды оқытып, тәрбиелеу қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл – мектепте мұғалімді, отбасында ата-ананы және дарынды баланың өзін мазалайтын психологиялық ерекше қасиет. Әрине, мұндай болуының себебін дер кезінде жыға тану қиын, өйткені баланың қабілетті екенін барлық адам бірден байқамайды. Ал егер оны таныған күнде одан соң сол дарынның орнын тауып дамыту, қоғамның керегіне, баланың өзінің бас пайдасына жаратуына жағдай жасау маңызды. Іштен «қозғап», «түрткі беріп» тұрған психикалық ерекшеліктің не нәрсеге жетелеп, қайда апарып соқтырарын ешкім дөп басып айта алмайды.

Кеңес Одағының психолог ғалымдары В.А. Крутецкий балалардың математикаға қабілетін, Б.М. Теплов музыкалық қабілетін, В.И. Киреенко көркем суретке қабілеттілікті т.б. зерттеген [5]. Арнайы қабілеттерден басқа жалпы қабілеттілік деген ұғым бар, олар: ақыл-ой қабілеті, қабыл алу, елестету, көрегендік, ырық-эмоция, т.б.

Зерттеуші психолог Б.М.Теплов «жалпы қабілеттілік дарындылыққа алып келетін аса мағыналы сапаларға жатады» деген. Мысалы, белгілі жазушылар, ақындар, музыканттар, суретшілер жан-жақты дамыған, әр нәрсеге қабілетті адамдар болған [6].

Айталық, Әбу Насыр әл-Фараби – музыкант, аспап жасаушы ұста, ақын, философ, математик, физик, химик; Абай Құнанбаев – ақын, философ, музыкант, ұстаз; Леонардо да Винчи – суретші, химик, конструктор, физик, ақын;

Қазақ ақын-жыраулары шешен, әнші, музыкант, қоғам қайраткері, жауынгер; Махамбет Өтемісұлы – күйші, ақын, қолбасшы, ойшыл; Асан қайғы мен Қорқыт

ата, олардың ізбасары Ықылас – көріпкел, философ, музыкант, ақын болған. Белгілі композитор Ф. Шопен актер, суретші, ақын болған. Мұндай мысалдарды шексіз келтіруге болады.

Кез-келген мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі өлке алдында тұрған міндеттерді өздігінше шешуге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Бұл тіршілік әрекетінің белсенді субъектісі болуға мүмкіндік беретін өзін-өзі бағалау жоғары деңгейде болғанда ғана мүмкін болады. Саналы түрде, өзін-өзі басқарудың ядросы өзін-өзі бағалау екені белгілі. И.С. Кон, А.И. Липкина, Е.И. Сованько, А.М. Прихожан, Е.А. Серебрякованың пікірінше, жеткіншек жас өзін-өзі бағалауын қалыптастыру үшін қолайлы болып саналады.

Сондықтан осы жас кезеңінде оның дамуын зерттеу өзін-өзі басқару процесінің маңызды құрылымы ретінде өзін-өзі бағалау қызметінің ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалауда екі өзара байланысты аспектілер органикалық түрде қосылды: операционалды-процессуалды және құрылымдық өзін-өзі бағалаудың екі жақты табиғаты психологиялық әдебиеттерде оған берілген анықтамаларда көрінеді, оларда өзін-өзі бағалаудың не операционалды сипаттамалары баса айтылады, не тұлғалық құрылым ретінде көрсеткіштері айқындалады.

Күрделі құрылым ретінде өзін-өзі бағалауды қарастыру арнайы кешенді зерттеуді талап етеді. Сондықтан бұл жұмыста өзін-өзі бағалауды қалыптастырушы бірнеше факторлардың (жас ерекшелік, жыныстық, әлеуметтік) өзара байланысын, олардың өзін-өзі бағалаудың дамуына әсерін қарастыруға әрекет жасалынады.

Зерттеулерде бір шетінен тұлға мен өзін-өзі бағалау байланысының – проблемасы, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі түсіну талқыланады. Өзін-өзі бағалау мәселесіне былайша қарау, бұның психикалық феномен ретінде қаншалықты қиын және көп мағыналы екенін көрсетеді.



Өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы: істеген істерінің, жеткен жетістіктерінің нәтижесін бағалау. Өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктерін зерттеу педагогикалық және жас ерекшелік психологиясының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Адамның өзін-өзі бағалауы не тым жоғары, не төмен (бара-бар емес) болуы мүмкін екенін ескертетін болсақ, бұл екеуі де адамның өмірін ауырлатады. Дарынды оқушының белгілі бір нәтижеге жету қаржылық еңбектің, шығармашылық ізденістің нәтижесінде болатыны даусыз.

Мұғалімнің дарынды оқушымен жұмысқа дайындығының қалыптасуының мәселесі арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ал қазіргі жағдайда республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін интеллектуалдық әлеуметтілікті арттыру аса қажет. Сондықтан мұғалімдер жетілдіру арқылы және әріптестермен тәрбие

алмасу арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейді жоғарлату тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан мұғалімі, 1998.
2. Куртетцкий В.А. Основы педагогической психологии. — М.: Просвещение, 1972. — 255 с.
3. Давидо А.В. . Психология саморазвития. — М., 1991.
4. Эльконина Д.Б. Возрастные индивидуальные особенности младших подростков. — М. 1967.
5. Киреенко В.И. Самооценка личности школьников и условия ее формирования. — Ленинград, 1981.
6. Теплов Б.М. Психологические вопросы художественного воспитания // Советская педагогика. №6, 1946.
7. Кухлаева О.В. О подростках. — М. 1990.



Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану

Қоғамның ақпараттық инфрақұрылымын дамыту үдерісінде пайда болған интеллектуалдық ортада адамға өмір бойы өз білімін жетілдіріп отыруға зор мүмкіндік беріліп отыр. Бұл мүмкіндік жаңа білім беру жүйесі құрылған жағдайда іске асырылмақ. Демек, ақпараттық қоғамда жана заманға лайықты білім беру жүйесін қалыптастыру білім беруге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) ендірумен тікелей байланысты. АКТ құралдары өзінің дидактикалық мүмкіндіктерімен оқыту жүйесінің барлық компоненттеріне (оқытудың мақсатына, мазмұнына, әдістері мен ұйымдастыру түрлеріне) әсер етуімен қатар, адамның интеллектуалдық, шығармашылық әлеуетін,

аналитикалық, сыни ойлау қабілетін, оқу барысында түрліше ақпарат көздерімен өздігінше жұмыс істей алу қасиетін дамыту секілді күрделі педагогикалық міндеттерді шешуді де қамтамасыз етеді. Мұндай АКТ құралдарының қатарына Интернет-технологияларды жатқызуға болады.

Зерттеуші ғалымдар Интернет-технологияларға түрліше анықтамалар береді. Мысалы, Р.Н. Авалуев пен Н.Г. Астафьева Интернет-технологияларды Интернет желісінде ақпараттарды алу, өңдеу, сақтау, жіберу және пайдалану қызметін қамтамасыз ететін автоматтандырылған орта ретінде қарастырады. Ал, З.Р. Девтерева Интернет-технологияларға Интернет желісіндегі әр түрлі ақпараттық





ресурстарды: сайттарды, блогтарды, форумдар мен чаттарды, электрондық кітапханалар мен энциклопедияларды, интернет-активті оқулықтарды құру және олардың қызметін үйлестіру технологияларын жатқызады.

Зерттеуші А.А. Андреев жаңа ақпараттық технологиялар жөніндегі білімдер мен дағдылардың өзгеру динамикасының қарқындылығы және Интернет-технологияларды өз қызметінде жоғары деңгейде пайдалана алатын кәсіби мамандарға деген сұраныстардың артуы мен оны тиімді қолдана алатын мамандардың аз болуы, соның салдарынан оқу орындарындағы компьютерлік парктердің тиімсіз пайдаланылуы арасындағы қарама-қайшылық оқыту құралы ретіндегі Интернет-технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін оқу үдерісінде толығымен қолдануға кері әсерін тигізіп келе жатқандығын атап көрсетеді.

А.А. Андреев пен Ю.Б. Рубиннің анықтамасы бойынша Интернет-технология деп, білім беру қызметінде оқу-әдістемелік материалдармен пайдаланушыларды қамтамасыз ету үшін Интернет желісін пайдалануға негізделген технологияны айтамыз. Ол ашық білім беру жүйесіндегі оқыту үдерісінің негізгі ядросы болмақ.

Интернет желісін пайдалануға негізделген технологиялар білім жүйесінде үлкен табысқа ие болуда. Білім берудегі Интернет-технологиялар ұғымын С.Ю. Губин, В.Т. Мотчин және Б.А. Мордвинов толық, кеңінен ашуға тырысады: «Білім берудегі Интернет-технологиялар — кешендік, заманауи, бүкіл әлемде бір компьютерлік, желілік құрал-жабдықтар жиынтығынан тұратын, сондай-ақ, әмбебап бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуден тұратын, ең бастысы, оқу үдерісін бұрын сонды болмаған ақпарат көлемімен қамтитын, саны бойынша да, қол жетімділігімен де, пайдалану және табу жылдамдығымен де ерекшеленетін, ақпараттың бүкіл әлемдік массивінен

тұратын көп қырлы көлемді ақпараттық орта».

Ғалым Л.И. Бородкин берген анықтама біршама Интернет-технологиялар ұғымын нақтылай түседі: «Интернет-технологиялар деп, адамның шығармашылық ізденісін жетілдіруге, оның әлеуметтік үдерістерді басқару мүмкіндігін дамытуға септігін тигізетін, ақпаратты іздеу, жинақтау, сақтау, өңдеу, жіберу, ұсыну, қабылдау секілді қызметтерін іске асыратын әдістер мен техникалық құралдар жиынтығын айтамыз».

Өз кезегінде Интернет-технологиялар оқу үдерісінде ең жетілген құрал-жабдық, кең көлемді ақпараттық орта, сонымен бірге, ақпараттық алмасудың жаңа ұйымдастыру-әдістемелік инфрақұрылымы болып табылады. Сондықтан да, Интернет-технологиялар құралдары мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сонымен бірге, оны үйрену — барлық оқу үдерісіне қатысушылардың, атап айтқанда, білім ұйымдарының басшыларының, профессор-оқытушылардың, технологтар мен әдіскерлердің, студенттер мен магистранттардың маңызды кәсіби қажеттілігі болып саналады.

В.П. Тихомиров айтқандай, Интернет-технологиялар қалыптасып келе жатқан күрделі ғылым саласы, оны терең ұғыну үшін Интернет желісін табысты пайдалануға қажетті кәсіби шеберлікті қалыптастыру мақсатында тәжірибелік жұмыстар жүргізілуі керек.

Интернет-технологиялар оқу үдерісінің болмысын да өзгертеді:

- ақпараттық қор және әдістемелік тәжірибе бүкіләлемдік компьютерлік желілер арқылы таралады және де оқу дәріснасына ғана сиятын мазмұнмен шектелмейді;

- дәстүрлі «сызықтық» оқыту әдісіне қосымша болып, Интернет «тармақталған» оқыту түрін жасайды, мұндағы online-байланыс қаншалықты студент пен оқытушы болса, соншалықты көп бағытқа шығуы мүмкін;



- студенттер және оқытушылар ақпаратты «тұтынушыдан» өзіндік online-ақпаратты «өндірушіге» айналады және де олар барлық әлемді қамтыған білім құрамасының қатысушылары болады;

- Интернеттің ақпараттық және коммуникациялық күші, дәстүрлі оқу құрылымдарын және жаңа білім бағыттарын (мысалы, қашықтықтан оқыту) жаңартады.

Интернет-технологиялар оқытудың жаңа әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді, соның негізінде білім беру сапасының артуына жол ашатын бірден-бір технология. Жетекші педагог ғалымдардың пікірлерін негізге алатын болсақ, Интернет-технологиялар үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүретін әрбір оқытушының дидактикалық-әдістемелік құралына айналуы тиіс.

Біздің ойымызша, Интернет-технологияны оқу үдерісіне, ғылыми жұмыстарға, ұйымдастыру жұмыстарына және тұлғалар қарым-қатынасына енгізу, оларды пайдаланудың шынайы қажеттілігімен анықталады, кәсіби іс-әрекеттің дұрыс дамыған жағдайында ғана қалыптасады. Әлемдік желі ресурстарымен байланысқан тек осы қажеттілік қана қазіргі заман маманының артықшылығы болып табылады.

Интернет-технологияны кәсіби білім беру үдерісіне енгізу, бірнеше педагогикалық жағдайларға және дидактикалық ұстанымдарға байланысты. *Педагогикалық жағдайлар деп* сапалы тұлғаны қалыптастыруды қамтитын заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланып, тәрбие — білім үрдісінің мақсат бағдарын детерминациялаудың өзара байланысқан факторлар жиынтығын айтамыз. Мұндай жағдайда, болашақ мамандардың Интернет-технологияны пайдалану дайындығын айтуға болады.

Интернет-технологияны білім беру үдерісінде қолданудың дидактикалық ұстанымдары деп оқыту мазмұнын талдауды, оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі бастапқы шарттарды

түсінеміз. Дидактикалық ұстанымдар оқу үдерісінің белгілі заңдылықтарына сүйенетін және білім алушының психологиясын ескеретін, оқыту үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін бейнелейтін нормативті негіздер болып табылады.

Біз өз зерттеуімізде ғалым П.И. Образцов ұсынған жоғары оқу орындарының ақпараттық технологияны қолдану шарттарына сәйкес келетін **дидактикалық ұстанымдарды** негізге алдық. Олар:

1. *Дидактикалық үрдістің және дидактикалық жүйенің оқыту заңдылықтарына сәйкестілік ұстанымы* білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің объективті заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыру қажеттілігіне бағытталған спецификалық байланыстар, сондай-ақ, білімнің мазмұны және оқытылуы арасындағы нақты тәуелділік болып табылады.

Оқытушының бұл ұстанымды сақтамауы оны өзіндік конструктивті іс-әрекеттегі басты бағдардан айырады, өзіндік конструктивті іс-әрекетте Интернет-технологияны қолданғанда дидактикалық үрдіс оқыту заңдылықтарына сәйкестіктен және де оқытудағы мақсатқа жетудің нақты жолынан тұрады.

2. *Білімді нақты ойлауға негіздеу ұстанымы*, яғни, әрбір құбылысты өзінің тарихи дамуында қарастыру, сол құбылыстың генезисін табу, оның дамуының, заңдылықтарының әрбір сатысын бақылау. Интернетте орналасқан бастапқы мәліметтер (құжаттар, сақталған материалдар, заң актілері, іс-өндіріс көздері, т.б.) көзімен жұмыс жасау қарастырылып отырған ұстанымды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. *Теориялық білімнің негізгі жетекшілік рөлі ұстанымы* оқу материалының, мәселен, тақырыптың жеткілікті үлкен мәнді жерін қарау үшін Интернет-технологияны қолданып дидактикалық үрдісті ұйымдастырудың мақсаттылығына негізделеді, ол былай жүзеге асырылады: теориялық білім алудың бастапқы кезеңдерінде білім алушылар тақырыптың жалпы теориялық



мазмұны туралы түсінік алады, содан соң, аралық кезеңдерде әрбір сұрақтың мазмұнының басқа түрлерін түсінуге әрекет жасайды, ал қорытынды кезеңде барлық тақырыпты талап етілетін қабылдау деңгейіне жеткізуге тырысады.

4. *Оқытудың біліми, тәрбие және даму функцияларының бірліктері ұстанымы* өз атауында көрсетілген барлық функциялардың өзара заңдылығын байланыстырып бейнелейді. Бұл ұстаным Интернет-технологияны пайдалануда оқытудың дидактикалық үрдісі тек білім алу функциясын ғана емес, сонымен қатар тәрбие және даму функцияларын орындайды.

5. *Білім алушының оқуға деген мотивациясын, оң қарым-қатынасын дамыту ұстанымы* оқу-танымдық іс-әрекет пен мотивациялық қызығушылықтың өзара байланыстарының жетістіктерін бейнелейді. Ол оқыту мазмұнын меңгеруді үздіксіз меңгеруге ұмтылу қажеттілігін көрсетеді. Бұл ұстанымды орындау Интернет-технологияны тиімді қолданудың маңызды шарттарының бірі.

6. *Күрделі мәселелік ұстаным* шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қабылдауға байланысты заңдылықты бейнелейді, сонымен қатар, білім мен әдістерді шығармашылық түрде қабылдау іс-әрекетіне негіз болады. Бұл ұстанымның негізі мынада: оқыту мазмұны және шығармашылық қабылдаудың түрлері ретінде тәжірибені игеру оқу субъектісін мәселелер жүйесіне тікелей қатыстырмау мүмкін емес.

7. *Оқытуда коллективті оқу жұмысын жеке тұлғаға қатынаспен біріктіру ұстанымы* оқытушыдан оқытудың сәйкес үлгілерін мақсатты келістіруді талап етеді. Бұл ұстаным Интернет-технологияның білім берудегі мүмкіндіктерін дәрісханалық сабақтарда пайдалануда, басқару субъектісі ретіндегі оқытушының жетекшілігіндегі өзіндік жұмыста, сонымен бірге студенттің оқытушысыз өзіндік жұмысында есепке алынады.

8. *Абстрактілі ойлауды көрнекілікпен үйлестіру ұстанымы* оқу материалының әр түрлі қабылдауы мен бірге оны ұғыну, есте сақтау, қолдану мүмкіндіктері арасындағы заңды байланысты бейнелейді. Бұл ұстанымнан мынадай талап туындайды: оқыту үдерісінде көрнекіліктің барлық түрін пайдалануды үйлестіреді.

9. *Тұлғаның белсенділігіне байланысты оқыту ұстанымына* сәйкес жоғары кәсіби білім беру саласында Интернет-технологияны пайдалану ең алдымен тұлғаның дамуына, оқыту субъектісі ретінде білім алушылардың ерекшеліктерін анықтауға, оның жеке тәжірибесін өзіндік бағасы және ерекшелігі ретінде қабылдауға, педагогикалық әсерді осы тәжірибеге сәйкес құруға, оқу жұмыстары әдістерін талдау арқылы білім алудың жолдарын ашуға мақсатталуы керек.

10. *Оқу-ақпараттық қорын оқыту мазмұны мен дидактикалық жүйеге сәйкестендіру ұстанымы* оқытушы мен студенттің тиімді еңбегінің оқу-ғылыми жағдайына деген талаптарын бейнелейді. Бұл ұстаным, егер оқу-ақпараттық қор оқытушыларға қойылған ғылыми-педагогикалық талаптар негізінде жинақталған болса, онда оның практикалық тұрғыдан жүзеге асуы қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».
2. Б.Б. Аккуланова «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру».
3. Н. Исабек «Компьютерлік технологиясы пайдаланудың оңтайлы өлшемдері».

М.Қ. ІЗДІБАЕВА,
Маңғыстау энергетикалық колледжі
информатика пәні оқытушысы.
Ақтау қаласы.



Колледж студенттерін қашықтан оқытуда білім сапасын бақылаудың тиімді әдістері

Бүгінгі таңда техникалық және кәсіптік білім берудің шешуші міндеті — білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруға қабілетті, қарқынды ақпарат ағынын жылдам бағдарлай алатын және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алатын мамандарды даярлау. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырған кезде жаппай, қол жетімді білім алу мүмкіндігі ашылады. Алайда, қашықтан оқыту үдерісін ұйымдастырудың жүйелілігіндегі кемшіліктер, нақты регламенттелген бақылау рәсімінің болмауы студенттерді даярлау сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады, жалпы қашықтан білім беруге деген теріс көзқарасты тудырады. Анықталған проблема қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын әр білім беру мекемесінің білім сапасын бағалау жүйесін құру үшін бірқатар міндеттерді шешу қажеттілігін анықтайды. Бұл міндеттер қатарына сапаны жоспарлау, сапаны басқару, сапаны қамтамасыз ету, бағалау және сапаны бақылау жатады. Бақылау оқу мақсатының сапасы жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады және бағалау, тексеру, сапаны қамтамасыз ету сияқты ұғымдармен тығыз байланысты.

Бұл жұмыс тақырыбының өзектілігі қазіргі білім беру қызметі білім беруді модернизациялаудың мақсаттары мен негізгі міндеттерін анықтайтындығында, олардың ішіндегі ең бастысы — оның фундаменталдығын сақтау және тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкес білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз ету. Білім беру қызметінің жаңаруы, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу білім беруді ақпараттандырумен, оқыту әдістерін оңтайландырумен, ашық білім

беру технологияларын белсенді пайдаланумен байланысты. Сонымен қатар, білім беру мазмұнын жаңарту студенттің белгілі бір білімді игеруін ғана емес, сонымен бірге оның жеке басын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттауды қамтиды.

Икемділігіне тоқталсақ, қашықтықтан оқыту процесінде студент материалдың көп бөлігін өздігінен игереді. Демек, ол сабаққа уақытты еркін таңдай алады. Стандартты емес кестеде өмір сүруді қалайтын адамдар үшін қашықтықтан оқыту нағыз игілік бола алады. Сондай-ақ, оқытудың бұл түрі жұмыспен жақсы үйлеседі. Әдетте, Интернеттегі оқу уақыттарын кез келген жұмыс кестесіне сай етіп оңай реттеуге болады.

Қашықтықтан оқыту сізді ең қатал дұшпаныңызбен — өзіңіздің жалқаулығыңызбен күресуге мәжбүр етеді. Ал егер сіз бұл жекпе-жекке дайын болмасаңыз, жекпе-жекте мүлдем бастамағаныңыз абзал. Алайда, егер сіз өз қабілеттеріңізге сенімді болсаңыз және білуге бел бу-саңыз, қашықтықтан білім беру кәсіби және тұлғалық дамудың түрлі мүмкіндіктерін ұсынады [4].

Қашықтан оқытудағы бақылау мәселесін қарастыра отырып, ең алдымен «қашықтықтан оқыту формасы» деген не және оның ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру қажет.

Қашықтықтан оқыту, анықтама бойынша, оқытушы мен студенттің айтарлықтай алшақ кеңістікте оқу үдерісіне қатысуы болып табылады. Мұндай оқыту ұйымға және қолданылатын технологияларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін [1].

Соңғы уақытқа дейін біздің елімізде



мұндай оқыту негізінен жоғары оқу орнында студенттердің сынақ және емтихан сессиялары кезінде оқытушылармен эпизодтық кездесулері ретінде іске асырылып келді. Бұл сырттай оқыту деп аталып елдің барлық университеттерінде кеңінен таралған еді. Басқа елдерде оқу мақсаттары үшін баспа құралдарымен қатар теледидар, бейнежазба, оқу радиохабарлары мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды.

Педагогика ғылымы білім сапасын бағалау критерийі ретінде білім сапасының толықтығы, тереңдігі, тиімділігі, икемділігі, хабардарлығы сияқты мәселелерді қарастырады. Құзыреттілік тәсіл тұрғысынан оқыту нәтижесі деп болашақ мамандарға кәсіби іс-әрекеттің әдістерін игеруге қажетті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін қарастырған жөн. [3].

Оқытуды бақылау студенттің оқу орнындағы оқуы барысында жүзеге асырылады және білім құрылымының тұтастығын қамтамасыз етуі, оқуға деген уәжінің қалыптасуына ықпал етуі және әр студенттің жеке жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік беруі керек.

Қашықтан оқыту жүйесінде бақылау ерекше маңызға ие, себебі оқытушы мен студенттердің өзара әрекеті жанама түрде колледждің ақпараттық ортасы жағдайында жүреді. Осыған байланысты, бір жағынан, оқытушы мен жеке байланыстың жоқтығын өтейтін, ал екінші жағынан, білім алушылар үшін тартымды заманауи технологиялық құралдар арқылы бақылау үдерісінің әдістері мен формаларын қолдану қажет.

Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әр түрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауының үлкен маңызы бар. Әрине, оқушылардың зерттеу жұмыстарының тақырыбы ғылымда бұрыннан белгілі. Бірақ оқушының зерттеушілік тапсырмаларды орындауын ұйымдастыру маңызды мәселе болып табылады. Оқушылардың зерттеу жұмыс-

тарын ұйымдастырудың негізі мезеттерін айқындау шығармашылық процестің ерекшеліктеріне байланысты. Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар оқушыларды пәнге қызықтырып материалдың терең де тиянақты меңгерілуін қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқытудың заманауи платформалары ашық және жабық типтегі тестілердің әр түрлі түрлерін құрастыруға, иллюстрациялар, аудио және видео материалдарды қосуға, бақылау және оқу режимінде тестілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, EDUS, GoogleForms платформаларында, Microsoft® Office® сайттарында жүзеге асырылған тестілік тапсырмаларға өзін-өзі бағалау тетігін қосуға болады [4]. Бұл жағдайда студент өзіне белгілі бір шартты балл қояды, бұл жауаптың дұрыстығына деген сенімділік дәрежесін көрсетеді.

Біздің колледждің қашықтықтан оқыту тәжірибесінде тестілеу кезінде EDUS көмегімен технологиялық жүзеге асырылған адаптивті тесттер қолданылады. Әр түрлі пәндер бойынша тапсырмалар банкін жетекші оқытушылар әзірлейді және оны сарапшылар тобы бағалайды.

Қашықтан бақылау жүйесінде қолданылатын тәсілдер жиынтығы біртіндеп кеңейіп, қашықтықтан оқытудың әр түрлі формаларын қамтиды: вебинарлар, онлайн сауалнамалар, интерактивті дәрістер.

Қашықтан оқытуда студенттердің білім сапасын бақылаудың негізгі принциптері сақталуы қажет:

- қашықтықтан оқытудағы танымдық іс-әрекет субъективті фактордың минималды әсерімен бағалануы керек; объективтілік принципі;

- қашықтықтан оқытуда барлық білім алушылар үшін тең жағдайлар жасалуы тиіс;

- қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып бақылау мүмкіндігінше аз уақыт ішінде білімді тексеру үшін ұйымдастырылуы керек. Массалық және қысқа мерзімділік принципі.



Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану мұғалімді табысқа жетелеп, білімін шындай түседі. Жас ұрпақтың жанаһа ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін менгеруіне ықпал ететін жанаһа білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білеміз. «Оқусыз — білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Әдебиет:

1. Е.С. Полат, Дистанционное обучение. — М.: Владос, 1998. — 328 с.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің № 123 бұйрығы, қосымша 1, 1 сәуір 2020 ж. Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында Covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы (13.04.2020 өзгертулер)
3. И.П. Подласый, Педагогика. — М.: Владос — 2007.
4. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. — Б. 18-19; 38-39; 118-119; 460-461.

И. АЙМЫРЗАҰЛЫ,
Маңғыстау энергетикалық колледжінің
арнайы пән оқытушысы.
Ақтау қаласы.



Қашықтықтан білім беру формасы

Қашықтықтан білім беру қашықтықтан оқытумен тығыз байланысты.

Қашықтықтан білім беру дегеніміз — бұл білім беру процесі (мұғалім мен мектеп оған жауап береді), ал қашықтықтан оқыту — білім алу процесі (оқушы оған жауап береді).

Оқу ақпаратын алу тәсілі бойынша мыналарды ажыратады: синхронды оқу жүйелері (on-line, нақты уақыттағы жүйелер) және асинхронды жүйелер (off-line жүйелер).

Синхронды жүйелер студенттер мен оқытушының оқу процесіне бір уақытта қатысуын қамтиды. Мұндай жүйелерге мыналар жатады: web-чат, ICQ, IRC (Internet Relay Chat), интерактивті TV, web-телефония, NetMeeting, Telnet телеконференциялары.

Асинхронды жүйелер білім алушылар мен оқытушының бір мезгілде қатысуын талап етпейді. Білім алушы сабақ уақыты мен жоспарын өзі таңдайды. Қашықтықтан білім берудегі мұндай жүйелерге баспа материалдары, аудио/видео кассеталар, дискеталар, CD-ROM, электрондық пошта, Web-беттер, FTP, web-форумдар (электрондық Хабарландыру тақтасы), қонақ кітаптары, Usenet Телеконференциясы (жаңалықтар тобына жазылу) негізіндегі курстар кіреді.

Синхронды және асинхронды жүйелердің элементтерін қолданатын аралас жүйелер.

Деректерді берудің техникалық негізіне сәйкес Қашықтықтан оқытудың мынадай нысандарын бөліп көрсетуге болады:

- баспа материалдарын пошта арқылы





тарату (дәстүрлі сырттай оқуға тән);

- аудио және бейне кассеталарды, дискеталарды, CD-ROM тарату;

- аудио графика құралдарымен (интерактивті тақталар, сондай-ақ оқу киносы, радио, теледидар);

- интерактивті Web TV және бейне конференциялар арқылы;

- Usenet, IRC телекөпірі арқылы;

- электрондық пошта және тарату пакеттары (тізімдері) арқылы;

- web-беттер арқылы;

- чат, веб-форум және қонақтар кітабы арқылы.

Соңғы уақытта интернет Қашықтықтан оқытудың басқа түрлерін белсенді түрде ығыстыруда. Бұл 3 жағдайға байланысты:

- 1) кез келген оқу моделін неғұрлым арзан және ыңғайлы құралдармен имитациялауға мүмкіндік беретін Интернет-технологияларды техникалық дамыту;

- 2) Интернетке қосылу оңай;

- 3) салыстырмалы түрде төмен қосылу құны.

Қашықтықтан оқытудың көмегімен келесі міндеттерді тиімді шешуге болады: аймақтардан келген мұғалімдерді білім берудегі жаңа технологиялар саласындағы елдің жетекші мамандарының тәжірибесі мен әзірлемелеріне тарту. Содан кейін бұл мұғалімдер алған білімдерін, дамуы мен тәжірибесін тікелей студенттеріне бере алады. Сонымен қатар, өз қаласынан тыс жерлерге, тіпті мектептерге барудың қажеті жоқ — ең жақсы мұғалімдер Интернет байланыс арқылы оларға өздері келеді. Бұл озық тәжірибенің берілуін күрт жеделдетеді және оның таралу және білім беру процесіне ену дәрежесін едәуір кеңейтеді.

Қашықтықтан оқытудың оңтайлы нәтижелерін алу үшін келесі факторлар мен жағдайлар маңызды:

- қазіргі заманғы компьютерлік базаның болуы және әлеуетті қашықтықтан оқитын оқушылардың Интернетке жақсы қол жетімділігі;

- қашықтықтан оқытушыларда жақсы білім беру ресурстары мен қашықтықтан

- білім беру тәжірибесінің болуы;

- жақсы дайындық қашықтықтан сабақ;

- дайындалған жергілікті үйлестірушілердің болуы;

- қашықтықтан сабақтарды жүйелі түрде өткізу;

- қашықтықтан қызметті моральдық және материалдық ынталандыру.

Көбінесе қашықтықтан өткізілетін сабақтар ауруға шалдыққан балаларға немесе мүгедек балаларға қатысты қолданылады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту сабақтарын шығармашылық іс-әрекеттің кейбір ерекше түрлерін, мысалы, музыкалық аспаптарда ойнау, би, ән айту, сурет салу және тұтастай алғанда студент пен мұғалімнің тікелей байланысы қажет болған жағдайда қолдануға болмайды, онсыз қашықтықтан оқыту сапасы аз болады. Нақты уақыт режимінде қашықтықтан сабақ өткізу үшін (синхронды) чатты пайдалану өте ыңғайлы және қарапайым, әсіресе топтық сабақтар үшін. Жеке жаттығулар үшін ICQ қолдануға болады. Қашықтықтан сабақ өткізудің асинхронды түрінде E-mail тиімді пайдаланылады. Бұл ретте E-mail-ге құжаттарды мұғалімнен оқушыға да, кері де жіберуге болады.

Қашықтықтан оқытудың электрондық курсы — бұл егжей-тегжейлі гипермәтіндік аппаратпен біріктірілген және интерактивті сервистермен (тесттер, бақылау сұрақтары және т.б.) жабдықталған мәтіннің, иллюстрациялық және медиа материалдың құрылымдалған жиынтығы. Электрондық курстың мақсаты пәнді өз бетінше оқу процесін жеңілдету және студентті тьютормен тиімді қарым-қатынас жасауға дайындау болып табылады.

Оқу процесін тьюторлық қолдау студенттің пән бойынша оқу процесін басқарудан, кеңес беруден, ағымдағы және қорытынды аттестаттау іс-шараларын ұйымдастырудан және өткізуден, оқу қызметін бақылаудан және студенттің білімін бағалаудан (ағымдағы және қорытынды) тұрады.

Оқытуды әкімшілік қолдау студенттің



оқу процесін жалпы басқарудан тұрады-қабылдау және оқудан шығару, келесі курс пен семестрге ауыстыру және т.б. барлық ұйымдастырушылық мәселелерді шешуді оқу процесінің әкімшісі (қашықтықтан оқыту жүйесінің әкімшісі) жүзеге асырады.

Оқу процесіне техникалық қолдау студенттерге қашықтықтан оқыту процесінің дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық жасақтаманы орнату және конфигурациялау бойынша кеңес беруден тұрады және оны Орталықтың техникалық қызметкерлері жүзеге асырады. Студент әрқашан арнайы ұйымдастырылған демо режимінде жұмыс істеп, жүйенің жалпы жұмысына және компьютерінің дұрыс орнатылуына көз жеткізе алады.

Жалпы қорытындылай келгенде, Қашықтықтан білім беру формасы туралы айтатын болсақ, бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру туралы айту керек, оған барлық электронды ақпарат көздері (соның ішінде желі) кіруі керек: виртуалды кітапханалар, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметтері, электронды оқулықтар, киберкласс және т.б. қашықтықтан оқыту туралы айтатын болсақ, мұғалім жүйесінде оқулық пен оқушының болуын түсіну керек. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті. Бұдан шығатыны, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең бастысы-электронды курстарды құру, Қашықтықтан оқытудың дидактикалық негіздерін

дамыту, үйлестіруші мұғалімдерді даярлау. Қашықтықтан оқыту формасын сырттай оқу түрімен анықтауға болмайды, өйткені мұнда оқытушымен, киберкласс-тың басқа оқушыларымен үнемі байланыс, күндізгі оқытудың барлық түрлеріне еліктеу, бірақ нақты формалар қарастырылған.

Сондықтан теориялық зерттеулер, эксперименттік тексерулер, маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстары қажет. Біз бүгін Интернетте және көбінесе ықшам дискілерде көріп отырғанымыз қарапайым педагогикалық талаптарға жауап бермейді. Демек, қашықтықтан оқыту курстарын өздері жасаумен және оларды негізгі, тереңдетілген, қосымша білім берудің әр түрлі мақсаттары үшін пайдалану әдістемесімен байланысты проблеманың маңыздылығы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы 7.12.2010 ж. ҚР Президенті Үкімімен бекітілген №118;
2. ҚР Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы.

Н. АГНИЯЗОВА,
Маңғыстау энергетикалық колледжінің
Арнайы пән оқытушысы.
Ақтау қаласы.

Қашықтықтан білім беруге арналған технологиялар

Қашықтықтан оқыту оқытудың жаңа нысаны ретінде және тиісінше білім берудің жаңа нысаны ретінде біздің елімізде белсенді түрде қалыптасып, дамып келеді. Оның мақсаты оқушыларға өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге және әлемдік және ұлт-

тық мәдениеттер жүйесінде сәтті интеграциялануға мүмкіндік беретін әмбебап білім беру элементтерін беру. Бұл оқыту оқушының өзгеретін қажеттіліктерін тез және икемді үйлестіруге мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде жасалады.



Қашықтықтан оқыту дегеніміз-заманауи ақпараттық технологиялар мен электрондық пошта, теледидар және Интернет сияқты телекоммуникация жүйелері арқылы оқу орнына бармай-ақ білім беру қызметтерін алу.

ҚО-ды ұйымдастырудың теориялық негіздері

Қашықтықтан оқыту-оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей байланыссыз қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқыту процесін ұйымдастыру тәсілі. Қашықтықтан оқыту технологиясы материалды меңгеруді оқыту және бақылау on-line және off-line технологияларын пайдалана отырып, Интернет компьютерлік желісінің көмегімен жүзеге асырылады [1].

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық білім ошақтары қашықтықтан білім алуда.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту — адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын

үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз — Интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз — Интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз — Интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны *тьютор* деп атаймыз [3].

Қашықтықтан білім беруге арналған интернет технология түрлері

Мен балаларды оқытуға арналған ең сәтті және сенімді 6 платформаны таңдадым. Және оларды біздің мектептер мен білім алушылар үшін сенімділік пен қолжетімділікті арттыру дәрежесі бойынша орналастырды.

1. Skype — онлайн-оқытуды ұйымдастыруға арналған ең танымал платформа. Интернет — білім беру саласындағы мұғалімдерге арналған көптеген біліктілікті арттыру курстары Skype платформасын дамытуға негізделген. Бұл интернет-технологияның нұсқасы арқылы сіз әңгімелесушіні шақырып, онымен сізді қызықтыратын тақырып бойынша сөйлесесіз. Экранда сіз алдын-ала дайындалған материалдарды көрсете аласыз және жұмыс үстелінде көрсете аласыз;

2. Zoom-жоғарыда сипатталған плат-



форманың аналогы, бұл технология бас-тапқыда бірнеше қатысушылардан жасалған. Нұсқа 100 адамға арналған қатысушылар үшін тегін, тек уақыт бойынша бейне таратылымдардың шегі — 40 минут. Бірақ бұл шектеуді ақылы нұсқаны сатып алу арқылы алып тастауға болады, бұл міндетті емес;

3. EDpuzzle — бұл бейнелерді өңдеуге, дауыстық түсініктемелер мен өтілген материалға қатысты сұрақтарды қосуға мүмкіндік беретін бейне оқулықтарын құруға арналған онлайн технология. Бұл технологияның ерекшелігі оқушылардың барлық әрекетін көре аласыз.

4. Егер сіз қашықтықтан сыныппен байланысудың жаңа тәсілдерін іздесеңіз және оқушыларыңыздың қызығушылығын арттырғыңыз келсе, сонымен бірге олармен кері байланыс орнатқыңыз келсе, онда бұл қызмет платформа сіздің назарыңызды аударады. Flipgrid — бұл студенттер мен оқытушыларға 15-тен 90 секундқа дейінгі видео-жауаптарды жазуға мүмкіндік беретін, қолдануға ыңғайлы бейне жарнамалық платформа. Сіздің компьютерге немесе мобильді құрылғыларды қолдана отырып бейне түсіре аласыздар.

Flipgrid-тің білім беру мүмкіндіктері қандай?

- Біз тақырыпты оқып жатырмыз. Сыныпта алынған дағдыларды бекіту үшін барлық оқушылар сөйлей алмайды. Бұл тақырып үшін бұл өте маңызды. Үйде студенттер зерттелетін тақырып бойынша бейне хабарлама жаза алады.

- Студенттер өз өмірлерінде ғылыми заңдардың қолданылуын бейнелейтін көптеген мысалдарды таба алады, шағын видео түсіреді. Табиғи құбылыстар, ғимараттарды салудағы математикалық заңдылықтарды, механизмдер жұмысындағы физикалық заңдылықтарды және т.б.

- Оқушылар оқыған кітабы туралы, белгілі бір әдеби қаһарман немесе тарихи тұлға туралы өз пікірлерін айта алады. Біз мұны бір тақырыпқа жинақтаған кезде әртүрлі пікірлер мен шешімдерге қол жеткізе аламыз.

- Біз бір тақырып бойынша қысқа бейнелердің үлкен палитрасын жинасақ жақ-

сы болады. Оқушылар жобаларды салыстыра алады, бір-бірінен сабақ алады.

- Мұғалімнің нұсқауы бойынша оқушылар сол тапсырма бойынша жұмыс істейді және өздерінің бейне хабарламаларын жариялайды.

- Бүкіл сыныпқа немесе жекелеген оқушыларға жетіспейтін тақырыптарды зерттеуге арналған кездесу бөлмелерін орнатуға болады.

5. Google classroom — бұл біздің ТОП-тың көшбасшысы, ол ақысыз әрі жақсы жасалған. Осы аттас компанияның бұл өнімі мектептер үшін арнайы жасалған. Сіз әр түрлі сабақтарды, сауалнама нұсқаларын және тапсырмаларды ұйымдастыра аласыз. Кез келген бастаушы қолданушы оны түсіне алады.

6. Республикада өткен жылдың соңында өткен оқудың керемет баламасы пайда болды. Онлайн Мектеп платформасын жасаушылардың айтуы бойынша басты міндеті — материалды жақсы игеру үшін студентке интерактивті түрде ұсынылатын ең жақсы материалды ұсыну. Сонымен бірге, осы жылы студенттерге нақты сыйлықтар мен құрметті ескерткіштер мен кубоктарға айырбастауға болатын виртуалды бонустар алуға мүмкіндік беретін ойын процесінің элементтерін — оқыту техникасын енгізу жоспарлануда.

3,5 миллионға дейін қолданушы жаңа оқу жылында бір мезгілде қазақстандық Online Мектеп білім беру платформасына қатыса алады. Бұл платформаның серверлері осы жүктеме үшін жасалған.

Online Мектеп порталын қазақстандық компания 2020 жылдың наурызында жасаған. Өткен оқу жылының төртінші тоқсанында балалар осы платформаның функционалдығын қолдана отырып, онлайн-бағдарламаларды оқып үйренді. Online Мектеп bilimland.kz веб-сайтының ішінде орналасқан және мектеп бағдарламасының барлық пәндері бойынша кешенді білім беру үшін қолданылады. Online Мектеп платформаның құралдарын қолданып, видео оқулықты көру мүмкіндігін қамтиды. Қаралған сабақтан кейін сіз өзіңіздің біліміңізді іс жүзінде бекітіп, алған біліміңізге сәйкес балл ала аласыз және мұның бәрі платформаның функционалдығы шеңбе-



рінде. Online Мектеп-тегі әр сабақ адаптивті оқыту алгоритміне сәйкес жасалады және 3 деңгейден және 9 тапсырма деңгейінен тұрады. Егер жасөспірім материалды толық игермеген болса, сабаққа оралып, оны жазбада қайта қарауға болады. Онлайн мектепте жақсы ұйымдастырылған бейне байланыс мұғалімге тікелей сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сіз мұғалімге ыңғайлы чат арқылы сұрақтар қоя аласыз.

Қорыта келгенде, қашықтықтан білім беру өте ыңғайлы және пайдалы нәрсе. Бұл болашақ біліміне жасалған қадам екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Теория и практика дистанционного обучения / Под ред. Е.С. Полат. — М., «Академия», 2004.
2. Достоинства и недостатки дистанционного обучения // «Образование: путь к успеху». - Уфа. 2010.
3. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ.
4. Пазылова Г. Қашықтықтан оқыту. Қазақстан мектебі. 2005.

А.А. ОТЫЗБАЕВА,

Маңғыстау энергетикалық колледжі

Арнайы пән оқытушысы.

Ақтау қаласы.



Ұрпақ тәрбиесі — біздің болашағымыздың тірегі

Бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең жауапты міндеттері — тәуелсіз мемлекетіміздегі қоғам мүшелерінің, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беруі.

Осыған орай тәрбие, тәлім-тәрбие — жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар — қоғамдық тәрбие тарихи аренада адамдар қоғамының пайда болуымен бірге туды. Қоғамдық тәрбиенің мақсаты, мазмұны, құралы мен әдістері қоғамдық қатынастардың қарқынымен, қандай қоғамдық-экономикалық формацияның шарттарында іске асатынымен анықталады.

Ал, ізгілік тәрбиесі — жеке тұлғаның моральдық қасиеттерінің, көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасу үрдісі. Ізгілікті деп жалпы адамзаттық моральдың ережелері мен талаптарын, нормаларын өз көзқарасы мен сенімі ретінде, мінез-құлығының үйреншікті формасы ретінде көрсететін адамды есептеуге болады.

Адамға ғылымнан бұрын тәрбие беру керек. Тәрбиесіз ғылым зұлымдыққа апарды.

Тәрбие — адамға сапалы өмір сүргізеді. Тәрбие — адамның жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнері мен мәнін, ой өрісін қамтиды, адамға оң мен солды, жақсы мен жаманды танытады.

Адам дүниеге келгеннен бастап өмір сүруге, дүние тануға құқылы. Адамның еріктіліктері, іс-әрекеттері басқа адамның құқығын бұзбауы тиіс.

Жоғарыда айтып өткендей тәрбиелерге сүйене отырып, Ұрпақ тәрбиесі — бұл болашақ тірегі. «Адамзат ұрпағымен мың жасайды», - дегендей ұрпақ тәрбиесі — қай кезде де халықтық мәселе болған.



Ұлт тәрбиесі ұрпақ тәрбиесінен көрініс табады. Ғұлама ғалым, ойшыл, философ Әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген сөзі бар. Шынында да, балаға ең алдымен біліммен бірге, тәрбие де берілуі қажет. Тәрбиелеу ісі асқан шеберлікті, зор талантты талап етеді. Халықтық педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің түрлі жолдары, әдіс-тәсілдері жетерлік. Ұрпақ тәрбиелеуде халқымыздың рухани байлығына және асыл мұраларына, ұлттық құндылықтарына сүйенеміз. Қандай оқу орны болмасын ең әуелі білім алушыға дұрыс тәрбие беруді көздейді.

Ұрпақ тәрбиесін жаңғыртып, жаңаша үлгіде тәрбиелеуде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының рөлі зор. Елбасы: «Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихы тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты — сол ұлттық кодынды сақтай білу» деген еді. Олай болса ұрпақ тәрбиесінде ұлттық кодтың алатын орны ерекше. Ұлттық код тамыры неден бастау алады? Ұлттық код — ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының болмысы тарихпен, мәдени-рухани ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасаттылықпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік, инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеп, молынан қамтылған.

Ұрпақ тәрбиесі тек ұстаздың ғана емес баршамыздың парызымыз, жалпы қарызым деп түсіну ләзім. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бекер айтылмаған. Қайсыбір ата-ана өз баласының әлсіздігін мектептен, мұғалімнен көріп жатады, ал мектептегілер керісінше ата-ананы кінәлайды. Тәрбие сапалы болу үшін балаға мектептің, ата-ананың, қоғамның жан-жақты қамқорлығы қажет. «Бала тәрбиесінің үлкен мектебі — ер мен әйелдің, әке мен шешенің бір-бірімен қарым-қатынасы» деп тамаша педагог-ұстаз Сухомлинский айтқандай, ата-анасы өз баласының

тәрбиесі үшін қоғам, ел, халық алдында жауапты.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар — жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері — баланың «әдепті бала» болып өсуі.

Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді.

Отбасы — адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы — адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десен, бесігінді түзе» — деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрді, адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі — отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ-бала үшін өмір мектебі.

Ата-ана — баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Балалардың болашағы олардың өмірден татар несібесі мен еншісінің үлес салмағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болады.

Сондықтан ата-ана өзінің баласын ең-



бекқор, елінің қамқоршы азаматы етіп тәрбиелеуге міндетті. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан басталып, белгілі бір бағдарлама негізіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға оқыту мен тәрбиелеу мәселесін жоспарлап, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуын олардың қоғам алдындағы өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің тағдыры мен талаптарын объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» деп айтылған.

Менің түсінігім бойынша — ұстаз жасандылықты қаламайды, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Балалар — біздің болашағымыз. Ертеңіміз, болашағымыз өсіп келеді. Бізден жаңа қоғам ғана жасалып келе жатқан жоқ, жаңа адам жасалып келеді. Ұстаз шәкіртін түсіне білу керек. Сену керек. Дос болу керек. Ұстаз болу — қиын, бірақ ардақты іс — шәкірт пен ұстаз арасында достық сезімнің берік болуы қажет. Бала жүрегіне жол таба білмеген мұғалім кейде оны өзіне қарсы қойып алады, бала ерегескіш келеді.

Бала тәрбиесі — үлкен өнер. Әр балаға, әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез-құлқына қарай басқа амал табуы керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, ол кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімдердің қолында әр кез сол кілт жүру керек.

Қорыта келе, өмірін осы қызметке арна-

ған адамды, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз ұстаз деп атауға болады. Олай дейтінім болашаққа ізгілік нұрын себушілер — олар. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз ғана тәрбиелей алады. Өнегелі адамды тек өнегелі ұстаз ғана тәрбиелей алады. Сонда ғана, жастар болашағының шоқтығы биік болмақ. Менің түсінігім бойынша — ұстаз жасандылықты қаламайды, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді.

«Сол ұлы тәрбиелі жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы ұлағатты ұстаздар», - деп, Абай атамыздың осы бір өлең жолдарымен аяқтасам деймін:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын — Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том
3. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. Оқу құралы. С. Ғаббасов. Издательство Алматы-тыкітап, 2012 г.
4. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. — Алматы, 1998, 2000.
5. С. Қалиев, Ш. Майғаранова, Г. Нысанбаева, А. Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. — Алматы, 2001.
6. А.С. Макаренко. Тәрбие мақсаты. — М. 1958.
7. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. — А., 1995.
8. А. Құнанбаевтың қара сөздері.

Зейнеш Ақмұратқызы АМАНШАЕВА,
Манғыстау энергетикалық колледжі
химия пәнінің оқытушысы.
Ақтау қаласы.



Кәсіптік білім берудегі жаңашылдықтың маңызы және оның өзектілігі

Қазіргі жаһандану заманында білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Болашақ мамандарға сұранысқа сәйкес бәсекеге қабілетті болу үшін профессорлық оқытушылар қауымының индустриялық-инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-экономикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да техникалық және кәсіптік білім беру орындарында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман дайындау мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына көп әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады», - деп айтқанындай, болашақ интеллектуалды жас мамандардың болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, білім беру мекемелердің ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Осыған орай жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновация-

лық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы.

Қазіргі заман педагогтерінің негізгі мақсаты – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары қолданылуда.

Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беретін мекемелер жұмысының дамуының ең басты факторы болып отыр және білім сапасын және пәрменділігін арттыру мәселесі оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын тереңдете ендіру жолымен шешіле алатындығы сөзсіз және бұл ретте тұтас алғанда білім берудің сапасы мүлде көтеріліп, шығармашылықты жеке тұлғаны дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Білім сапасы оқытушының шеберлігіне байланысты. Оқытушы шеберлігі қойылған педагогикалық мақсатқа және бағдарламаға сай қажетті мазмұнды тандап алу да және де тиімді әдістер мен құралдарды пайдалана білуінде.

Жаңа технологияларды енгізу кезінде оқытушының технологиялық құзырлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытушы білуі керек:

- жаңа технологиялар көмегімен шешілетін мәселелерді;
- жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;



- жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
- жаңа технологияда оқытушы қолданатын әдіс-тәсілдерді;
- студенттерді жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін, оқытушы істей алуы керек;
- қандай да бір технология үшін оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыруды;
- студенттерге арналған өзіндік тапсырмаларды құрастыруды;
- студенттер үшін деңгейлік тапсырмалар жасау;
- тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау;
- компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау.

Оқытушы дұрыс ұйымдастыруы қажет:

- жаңа технологияда пайдаланатын жәкелеген әдістер мен тәсілдерді қолдануды;
- түрлі типтегі сабақтарды өткізуді;
- өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтауды;
- жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін студенттерге үйретуді;
- педагогикалық диагностиканың қарапайым әдістерін қолдана отырып, жаңа технологияны пайдалану тиімділігін бағалауды.

Педагогикалық қызметті осылайша ұйымдастыру – жаңаша оқытуға жеткізетін жол. Сонымен, білім сапасын арттырудағы колледждің оқу үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді жүзеге асыруда төмендегі жайттарды ұмытпау керек деп тұжырым жасауға болады:

1. Ең алдымен оқу орнының үрдісін технологияландыруда тандап алынған мәселенің жағдайын тереңдеп зерттеу:

- бітірушілердің біліктілік сипаттамасы негізінде студенттердің кәсіби әрекетке дайындық деңгейіне терең талдау;
- курстық, дипломдық жұмыстарына, мемлекеттік емтихандар қорытындыларына талдау жүргізу;
- бітірушілердің даярлық деңгейіне бі-

ліктілік, мөлшерлік талаптарды зерттеу және талдау;

- оқу орнының нақты мамандық бойынша білім беру бағдарламаларына, олардың біліктілік, мөлшерлік талаптарға сәйкестік тұрғысынан талдау жасау;

- квалификациялық мінездеме талаптарының сабақтардың мазмұнында, өндірістік тәжірибе жинақтаудың барлық түрлерінің мазмұнында, қорытынды мемлекеттік аттестациялау сұрақтары мен тапсырмаларында көрініс табуы;

- осы талаптардың оқу пәндері мен тәжірибе жинақтаудың түрлері арасында бөлінуі;

- студенттерді кәсіби әрекетке дайындаудың әдістемелік және оқу-материалдық қамтамасыз етілуіне талдау.

2. Ендірілетін технологияның теориясы мен әдістемесін зерттеу:

- жаңа педагогикалық технологиялар бойынша әдебиеттерді талдау, бұл ұсынылатын әдебиеттер бойынша ақпараттық тізімдерді жасауды, әдебиеттерді жинақтауды, түрлі көрмелер ұйымдастырып, оқытушылар біліктілігін арттыру жүйесінде талдауды қажет етеді;

- басқа оқу орындарының, салалық құрылымдардың оқу үрдісіне жаңа технологияларды ендіру тәжірибесімен танысу;

- берілген бағыттағы өз тәжірибесін пәндік циклдік комиссиясы жаңа педагогикалық технологияларды оқу үрдісіне енгізуге шешім қабылдап, педагогикалық ұжым алдында перспективаға мақсат-міндеттер қоя отырып, педагогикалық кеңесте жаңашылдықтың мәнін түсіндіріп, оны жүзеге асыру жолдарын жобалау;

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жоспарын құрастыру.

3. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруге оқытушыларды жалпы ынталандырумен қатар оқу орнында тәжірибелі, белсенді, бастамашыл, ендірілетін технологияның мәні мен мазмұнын түсінген 8-12 оқытушылардан тұратын тәжірибелік-эксперименттік топ құрған жөн.

Оларға барлық оқытушыларға жаңа тех-



нологияны меңгеруге көмек көрсету қызметі, өз тәжірибесін демонстрациялау және талдау жасау, нәтижелерін эксперименттік түрде тексеру міндеттері жүктеледі.

Сонымен бірге оларға оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын қайта жасау, толықтырулар енгізуді қамтитын оқытушылардың жаңа технологияның ғылыми-әдістемеліктің қамтамасыз етілуіне көмектесу міндеті де қойылады.

4. Жаңа педагогикалық технологияға негізделген оқу бағдарламалық базаны қамтамсыз ету. Нақты бір мамандықтар бойынша біліктілік сипаттамасының талаптарына жасалған талдау негізінде оқу бағдарламаларына түзетулер, толықтырулар енгізу.

5. Жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің материалдық-техникалық базасын құру.

Жаңа педагогикалық технологиялардың қолдану тиімділігін арттыруда осы көрсетілген бағыттардың құрылымдық мазмұнын іске асыру, сапалы жүргізу нәтижелікке бағдарланған жұмыс болып табылады.

Қорыта айтқанда, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістердің қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігімен және

осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр оқытушыдан оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

Жаңалықтарды меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқутәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. — Алматы, 2004,
2. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. — Алматы, 2006.
3. Қараев Ж.А. Жетілдірген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс. — Алматы, 2004. №2.
4. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына арналған жолдауы.

Орынгул Жылкыбековна КИРЛЕШОВА,
Экономика пәндерінің оқытушысы
Маңғыстау энергетикалық колледжі.
Ақтау қаласы.



Педагогтің кәсіби құзыреттілігі бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың негізі

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт беріл-

ген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті, құзіретті жеке тұлға дайындау.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде білім беру





мекемелерінің басты мақсаты — жаңа тақырыпты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір болу деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Бұл жайлы Б. Тұрғанбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын — құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьмина «Құзырлылық дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы», - деп атап көрсетті. К. Құдайбергенова: «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады» - деп өз ойын тұжырымдады.

Б. Тұрғанбаева: «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру — басты мақсаты» - деп көрсетеді. Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім берудің жаңа жүйесінде әрбір педагог бірнеше құзыреттілікті игеруге міндетті. Арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет. Әлеуметтік құзыреттілік бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен), қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу. Білім беру құзыреттілігі — білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны,

мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтілік дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті. Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екенін білім мазмұнын таңдауда қатаң ескерілетін мәселе екенін баса айтқан жөн. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам болуы керек. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі — педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Оқушылар ұстаздар қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт-бағдар беруші болуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі мұғалім — қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттау-



ды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық - ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Қазіргі білімге деген көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша қарастырылып білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білімі емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер болып табылады деген тұжырым жасауға тиіспіз.

Қорыта айтқанда білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті, құзіретті жеке тұлға дайындау болып табылады, яғни білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына септігін тигізу. Сондықтан білім-

нің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болады. Білім берудегі жаңашылдық және ҚР-да қазіргі заман жағдайында білім берудің жаңа тәсілдерін ашып, түсініктерін қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002 88-б
2. В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003 58-94-б
3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
4. К. Құдайбергенова. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми — практикалық конференцияның материалдары. 2008 30- 32-б

Жеңіскүл Сейдахметовна
ИСАЛИЕВА,
Маңғыстау Энергетикалық Колледжінің
арнайы пән оқытушысы.
Ақтау қаласы.

Проблемы социальной адаптации воспитанников в домах юношества и способы их разрешения

Воспитанники домов юношества рассматриваются не только как объект социальной защиты населения, но и как категория в обществе, которая представляет собой проблемную группу.

Причины проблем с социализацией: практический опыт социальных отно-

шений у воспитанников ограничивается лишь государственными учреждениями, в которых они находились: дома малютки, центры социальной адаптации, закрытые школы — интернаты, детские дома.

Ограниченное, преимущественно групповое общение детей со взрослыми в детс-



ких домах, не предоставляет ребенку самостоятельности:

- твердый режим дня;
- постоянные указания взрослого, что следует делать в тот или иной момент времени,
- контроль со стороны воспитателей — все это лишает детей необходимости самостоятельно планировать и контролировать свое поведение, формирует привычку к пошаговому выполнению чужих указаний» [1].

Коллективные методы воспитания с недостаточным делегированием персональной ответственности и другие особенности воспитания в сиротском учреждении приводят к искажению, нарушению взаимодействий ребенка с социальной средой.

У детей-сирот либо отсутствуют возможности усвоения социального опыта родителей и прародителей путем подражания образцам их поведения и способам преодоления жизненных трудностей, либо этот опыт носит негативный асоциальный характер.

Жесткая регламентация и ограниченность социальных контактов, свойственные режиму проживания в детском доме, делают невозможным усвоение ребенком всей гаммы социально-ролевых отношений.

В условиях детского дома у ребенка формируется особая ролевая позиция — позиция сироты, не имеющего поддержки и одобрения в обществе.

Ранний детский опыт ребенка-сироты формирует один из серьезнейших феноменов сиротства — утрату базового доверия к миру, который проявляется в агрессивности, подозрительности, неспособности к автономной жизни.

Затруднен процесс саморегуляции, соотносимый с постепенной заменой внешнего контроля поведения на внутренний самоконтроль.

Это связано со спецификой организации жизни ребенка в детском доме,

где функция контроля полностью удерживается воспитателями [2].

Перечень данных проблем выдает социально-психологический портрет выпускника, для которого характерны инфантильность, комплексы неполноценности, труд-

ности в самовыражении, низкая самооценка, стереотип воспитанника детского дома.

Многим из них чужды понятия «самосовершенствование», «самореализация», «развитие себя как личности».

Считают себя слабыми и уязвимыми, не рассчитывают на успехи в каких-либо делах. Стараются избегать любых трудностей. Склонны к депрессии, живут с ощущением своей ненужности близким людям, страдают от отсутствия любви и заботы близких людей.

Долгие годы пребывания на полном государственном обеспечении создают у воспитанников иллюзию того, что «им все должны», при этом тот факт, что у них тоже есть определенные обязанности, принимают с трудом.

Не готовы к самостоятельной жизни, не в состоянии решать многие проблемы, с которыми им ежедневно приходится сталкиваться в реальной жизни, без поддержки взрослых, не имеют навыка использования денежных средств, неспособны принимать самостоятельные ответственные решения, в результате чего часто попадают под дурное влияние, частично не умеют добиваться поставленных целей, даже незначительные трудности сбивают их с полку и вгоняют в тревожно-депрессивное состояние.

Опыт педагогов, работающих в этих учреждениях, показывает, что при выходе из стен учреждения бывшие воспитанники часто оказываются плохо приспособленными к самостоятельной жизни» [3].

Оказавшись на «свободе», многие из них становятся лёгкой добычей криминального мира, пациентами нарко- и психо-диспансеров.

Перечисленные причины и определяют высокую степень актуальности данной проблемы и определяют круг задач педагогического коллектива.

Организация воспитательной деятельности в доме юношества обеспечивает успешное вхождение выпускников в систему общественных отношений, способствует приспособлению воспитанников к иной социальной среде на основе гражданско-патриотического, поликультурного, семейного, духовно-нравственного, профессионально-трудового направлений.



Формирование здорового образа жизни, социально-значимых и индивидуальных качеств личности, также способствуют решению следующих задач:

- развитие и закрепление навыков персональной ответственности за самостоятельную организацию учебного процесса; навыки самообслуживания в условиях проживания в доме юношества;
- отчуждение от негативных асоциальных моделей поведения, стремление к позитивному, созидательному общению;
- приумножение социальных контактов для усвоения воспитанником всей гаммы социально-ролевых отношений;
- замена позиции сироты, на позицию полноценного гражданина общества, готового нести правовую ответственность за свои поступки;
- возрождение базового доверия к миру, формирование способностей к автономной жизни;
- постепенная замена внешнего контроля поведения (функция, которая в интернатах полностью удерживается воспитателем) на внутренний самоконтроль;
- формирование навыка правильного отказа от сомнительных предложений;
- стараться продолжать развивать имеющиеся способности и таланты, с целью их применения в дальнейшей жизни [4].

Таким образом, период проживания в центре социальной адаптации, есть отрезок времени, в котором воспитанники должны приобретать практический опыт самостоятельной жизни:

- овладевать многообразными формами социально-приемлемого поведения;
- осознавать себя как граждан страны, закреплять такие качества характера как патриотизм, гражданственность, толерантность;
- знать свои права и обязанности, владеть основами финансовой грамотности;
- развивать личностные качества характера, ориентироваться на саморазвитие, стремиться к здоровому образу жизни, закреплению нравственных качеств характера [5].

Жизнеустойчивая личность характеризуется умением сделать правильный выбор в резко меняющемся социуме, ориенти-

руется на главные ценности человеческого существования, которые помогают жить в гармонии с миром природы и общества. Именно таким должно быть новое поколение казахстанцев для успешной интеграции в мировое сообщество.

Литература:

1. Разумова А. С. Адаптация к обществу выпускников детских домов / А.С. Разумова. — Иркутск, 2012.
деп қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз өзінің 10-қарасөзінде айтып кеткен екен. Қай ата-ана да баласын жаман болсын демеіді. Барлық ата-ана балам жақсы болып өссе екен, елімнің қалаулы азаматы болса екен деп армандайды. Отбасы — адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі — бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады. Шаңырақ құндылықтарының екінші бір сатысы жақындарымен жалғасын табады. Мәселен, жанұядағы ата мен әженің рөлі де айрықша. Олардың дүниеге деген көзқарастары мен өзіндік талғамдары жасы кіші балаға өнеге болары анық. Кішкентай кезінен атасының, не болмаса әжесінің айтқандарына құлақ түретін ұрпақ болса, оның арты тек жақсылыққа әкеледі. Тәлім-тәрбиенің негізі ата-анадан кейін қастарындағы жақын адамдардан үлгі алу арқылы қалыптасады, өзіндік жеке ұстанымдарды дамытуға септігін тигізеді. Сол бір сәтте баланың жанына демеу бола тұрып, оған тәрбиенің дұрыс берілуін қадағалау маңызды рөл атқарады. Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі — ата-анадан, екіншісі — ұстаздан, үшіншісі — құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе

де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ. Жанұя — адамзаттың алтын діңгегі іспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі ешбір күшпен салыстыруға болмас. Жастарды ұлттық нышандағы құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі.

Жанұя — жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жоғарғы үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдырмай, жаңғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайық!

«Өз үйім өлең төсегім» деген қазақ даналығында айтылғандай өз отбасың, өз үйің әрқашан жылу тартып, жанға жақын болады. Сол себепті де әр адам өз отбасын сыйлап, құрметтей білуі шарт. Себебі қазіргі кезде көп жастар шет елдерде оқып, сол елдерде қалып қояды. Бұдан Отанға деген ешқандай ізгі ниетті байқамаймыз, сондықтан да отбасын қалай қадірлейміз, дәл солай Отанды да қадірлеп, қолдан келгенше аялауымыз керек!

Не болса да Отанның бір бөлшегі — отбасына ештеңе де жетпейді! Өйткені отбасы — табиғаттың әр адамға сыйлаған керемет бір сыйы! Соны мәңгі есте сақтап, ұмытпаған жөн!

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.;
2. «Өзін-өзі тану» пәнінен оқу бағдарламасы;
3. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. — М., 1989.

Гүлмира Елшібекқызы
ДАУЫЛБАЕВА,

Маңғыстау энергетикалық колледжінің
«Өзін-өзі тану» пәні оқытушысы.
Ақтау қаласы.



Пәндерді тиімді оқыту және оқудағы әдіс-тәсілдердің маңызы

Заман талабына сай білім саласында оқыту мен оқу тәжірибелерінде үлкен өзгерістер болуда. Атап айтатын болсақ, кез келген оқытушы ең алдымен сабақты дәстүрлі түрде өткізу стилінен арылып, оқытудағы жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет. Жаңартылған білім беру бағдарламасымен жұмыс жасауға кез келген оқытушы міндетті болып саналады. Себебі, келешек ұрпағымызды өз ойларын еркін жеткізе алатын, сенімді, белсенді, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері жоғары, өз көзқарастарын тәжірибемен ұштастырып өмірде қолдана алатын тұлға етіп қалыптастыру міндеттелген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Сондықтан, әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Осыған орай оқытушымен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Әдіс — оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін оқытушы мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуі үшін қолданылады. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе — оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Олай болса, оқыту әдістері — оқытудың

мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуге мұғалім мен оқушылардың қолданатын жиынтығы болып табылады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының аясында оқыту әдісін жүйелеп, топтастырып ұсынып отыр. Олар:

- Белсенді оқу — эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді; жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады; қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашады; нәтижесі — терең білім; көзқарасты өзгертеді.

Белсенді оқу — оқушылар мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар, ойын «балалары» және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойын түрлері кіреді. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда ойын «балалары» шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп,



өзінің кәсіби шеберлігін шындай түсуіне ықпал етеді.

- Бірлескен оқу — тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді; ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жетілдіреді; тиімді дербестікті дамытады — «біз бірлесіп табысқа жетеміз»; оқушылар арасындағы тосқауылдарды жояды.

- Бірлесіп оқыту — сыныптағы оқушыларды топтастырып оқу тапсырмаларын бірге жасап, ортақ проблеманы бірлесіп шешуі болады. Тәжірибеде, топтық оқытылу әр түрлі форматтарда өткізілуі мүмкін, сірә, ол оқушыларды топта жинап, оқыту сапасын көтеру мақсатында жасалынады. Ал, бірлесіп оқыту негізінде бір ұйымның мұғалімдері де топтасып оқу тапсырмаларын бірге жасап, сабақ жоспарын құруы және сол сабақты бірге өткізуі болып саналады. Тәжірибеде, топтық оқытылу әр түрлі форматтарда өткізілуі мүмкін, оқыту сапасын көтеру мақсатында оқытушылар бас қосып сабақты бірге жоспарласа тамаша жетістікке жетері сөзсіз. Бірлесіп кескен тон келте болмайды демекші — бірлесіп ұйымдастырылған сабақта өз жемісін берері сөзсіз.

- Саралау — түсінік пен дағдылар тереңдейді; өзіне деген сенімі мен оқуға деген уәжі артады; оқушыларға идеяларды тереңірек түсінуге көмектесе отырып, шығармашылыққа ынталандырады; барлық оқушылар үшін тиімді; барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады. Саралау тәсілі — оқушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін белсенді дамытуға, оқыту қызығушылығына басқа әдіс-тәсілдер табуына мүмкіндік береді. Саралау қолданылатын сыныпта барлық оқушылар өздерінің әр түрлі оқитынын түсінеді және бір бірінің оқу үдерісіне қосқан үлесін бағалауды үйренеді.

- Пәнаралық байланыс — оқу бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді; тереңірек білім алуға мүмкіндік береді; көптеген дағдыларды қалыптастырады; түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады; оқудың анағұрлым саналы мен-

герілуіне көмектеседі; оқуға деген уәжді арттыра алады;

- Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру — уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады; оқыту үдерісіне бағыт береді; оқушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік береді; оқушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі;

- Оқу әңгімелері — оқушылардың көбірек үлес қосуына мүмкіндік береді; оқушылардың бір-біріне білім мен дағдыларды үйретуіне жетелейді; тақырыпты терең түсінуге жол ашады; оқушылардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді; тапсырманы күрделендіріп, оқушылардың уәжін арттырады;

- Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану — белсенді оқудың қызықты тәсілдерін ұсына алады; уәжді арттыра алады; зерттеу жүргізу, қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату және тапсырмаларды тиімді іске асыру үшін қолданылады; оқушылардың ақпарат іздеп, өз тәсілдерін табуына мүмкіндік бере отырып, олардың өз үлесін қосуына септігін тигізеді; сыныптан тыс өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді;

- Модельдеу — оқушыларды бір мезгілде пән мазмұны туралы ойлануға және сарапшы ретінде әрекет етуге жетелейді; оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беріп, тапсырманы кезеңдерге бөледі; үдеріс туралы ойланып, рефлексия жасауға ынталандырады;

- Тәсіл — оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

- Мұғалімдерден оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың бойында төмендегідей қасиеттерді тәрбиелеуі және дамытуы күтіледі: оқушының дамуы үшін оның жеке пікірін тыңдау және бойындағы білімін, білігін, дағдысын пайдалануының маңыздылығын мойындау; оқушыларды тиянақты



сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту; оқушыға түсінікті тәсілмен модельдеу және есептердің шешімін табу мысалдарымен сүйемелдеу; оқушыларды оқытуда «оқу үшін бағалау» арқылы қолдау; есептерді шешу мен талдау негізінде оқушылардың зерттеу іс-әрекеттері мен белсенділігін ынталандыру;

оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту; оқушылардың жеке, жұппен, топпен және жаппай сынып арасында жұмыс істеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруды қамтиды.

Информатика пәнін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер:

Іс-әрекет тәсілі — оқушылардың максималды өзбетінше танымдық әрекеттер негізінде ақпараттық және коммуникациялық құзіреттіліктерін қалыптастыруға, оқытуды атқарушы әрекетіне бағыттауына мүмкіндік береді.

Жеке-тұлғалық тәсіл — білім беру мақсаттарын іске асыруда мұғаліммен оқушы арасында тең әрекеттесуді көздейді. Келесі білім беру мақсаттарын шешеді: оқушы мен мұғалім арасындағы кедергіні бұзу, диалогтық қарым-қатынасты орнату, шығармашылық қабілетке, ынтымақтастыққа және әлеуметтік белсенділікке талпынуға жәрдемдесу.

Құзіреттілік тәсіл — оқушылар білім мен білікті тұтас бірге меңгеруді көздейді. Құзырет пен құзыреттілік — бір-бірімен тығыз байланысты екі ұғым. «Құзырет — дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, құзыреттілік — адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі» болып табылады. Сондықтан да құзыреттілік ұғымына тек танымдық және әрекеттік-технологиялық құрауыштар ғана емес, сондай-ақ мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық компоненттер де кіреді.

Кіріктірілген тәсіл — «Информатика» пәнін басқа оқу пәндерімен тығыз байланыстырады. Кіріктірілу — бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты бі-

лімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Жүйелік тәсіл — «Информатика» пәнін оқыту, курс бөлімдерін өзара байланыстыра оқытуды қарастырады. Информатика пәнінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялық сауаттылық құзырлылығын қалыптастыруға бағытталған оқыту білімнің логикалық байланыстағы жүйесін қабылдау үшін және кәсіби бағдарына терең әрі төзімді білімдерді қалыптастыру және әртүрлі оқу пәндерінен меңгерілген теорияның, түсініктердің байланыстарының тізбесін құру қажеттігін қамтамасыз ететін білімдер мен біліктіліктерді меңгеру тәсіліне қойылатын талаптарды қарастыруы тиіс. Егер оқыту мақсаты оқушының дайын бағдарламамен жұмысты меңгеруі болса мазмұн бір басқа, ал, егер оқыту мақсаты ретінде бағдарламалау немесе оқушының информатиканың іргелі теориясын меңгеруі таңдалса басқаша болады. Ақпараттық жүйелерді құру жұмысы пәндік аймаққа талдау жүргізуден басталады. Нысанның жұмыс істеу барысын талдағанда жүйені қарастыру шекаралары еске алынып, болашақ ақпараттық жүйені қолданушылар анықталып автоматтандырылатын сыныптар мен нысандар типтері қарастырылуы қажет. Пәндік аймаққа талдау жүргізу, ол — жобалау алдында пәндік аймақтың зерттеу нысанының зерттеу мәліметтерін жинау, қалыптастыру және талдау, зерттеу ны-



санының автоматтандырылатын есептер жиынтығын таңдау және нақтылау.

Саралау тәсілі — оқушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін белсенді дамытуға, оқыту қызығушылығына басқа әдіс-тәсілдер табуына мүмкіндік береді. Саралау қолданылатын сыныпта барлық оқушылар өздерінің әр түрлі оқитынын түсінеді және бір бірінің оқу үдерісіне қосқан үлесін бағалауды үйренеді.

Сабақта қолданылатын бірнеше әдістерге тоқталатын болсақ:

• **Т-кестесі** — бір-біріне қарама-қарсы («иә/жоқ», «келісемін/келіспеймін», «қарсымын/жақтаймын», «ішкі/сыртқы», «басы/аяғы», «маңызды/маңызды емес», «себебі/салдары» секілді) немесе салыстыруға болатын (мәселен, екі объект) ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі. Оқушылар алдымен берілген тапсырма бойынша өз ойларын кестеге түсіріп жеке жұмыс жасайды, содан соң олар жұптасып немесе шағын топ ішінде (4-6 адам) кестелерін салыстырып, пікірлеседі, жазғандарын толықтырады. Осыдан кейін тақтада мұғалім бүкіл сыныпқа ортақ кесте құрастыруына тапсырма береді. Әр жұп/топ бұл кестеге екі-үш пікірін ұсынады. Берілген мәселе бойынша бірін бірі толықтырып, білімдері кеңейеді.

• **«Джигсо» әдісі** — көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр-қайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің №1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа, т.с.с. Бірінші және басқа номерлермен жинақталған оқушылар бір ғана мәселе төңірегінде ойларын ортаға салады, ой бөліседі және бірін бірі толықтырады. Бір топқа жиналған өкілдер берілген мәселе бойынша шешімдерін жинақтап, бастапқы топқа оралады. Өкілдер өз топтарына қаралған мәселелері бойынша өз жұмыс-

тарын таныстырады, топтық талқылау жүреді. Бұдан топта оқушылар сөйлеуге, өз ойларын ортаға салуға қалыптасады.

• **SWOT** — тақырыпқа деген көзқарасты анықтау үшін жүйелі ойлауға негізделген сараптамалық әдіс. Бұл сөздің мағынасы жоқ, дегенмен құрамындағы әр әріптің өзіне тән түсінігі бар. Бұндағы: Strengths (күшті жағы) Weaknesses (әлсіз жағы), Opportunities (мүмкіндіктер), Threats (қатерлер). Көтеріп отырған мәселенің күшті (S) және әлсіз (W) жақтары ішкі ортаны қамтиды. Яғни, нысанның өзі сыртқы ортаға қалай әсер ететіндігі сөз болады. Ал мүмкіндіктер (O) мен қатерлер (T) сыртқы ортаға қалай әсер ететіні талқыланады.

Мұғалімдер сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушыларды *өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті* ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгелік іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыратынына сенімді мол.

Қолданылған әдебиеттер мен көздер:

1. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 31.01.2017;
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде Информатика пәндері бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. — Астана, 2016;
3. С. Құдайбергенова. Құзырлылық нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің әдіснамалық негізі. Білім технологиялары. Ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. — Алматы, №2, 2006.

Зияхан
Бисенғалиевна
КЕНЖЕБЕКОВА,

МКҚК «Маңғыстау энергетикалық
колледжі» информатика пәні мұғалімі.
Ақтау қаласы



Өзіндік жұмысына баламалы бағалаудың тиімділігі

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Өзіндік жұмыстың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасуы дәрежесі анықталады. Осы тұрғыда білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Баламалы бағалаудың өзіндік жұмысының теориялық және практикалық жағына тиімділігі орасан зор, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу процесіндегі қызметі ерекше.

Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің «5» балдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтылы дайындық дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтижесінде оқыту процесінің сапасын арттыруда мұғалім әркезде бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмайды. Ал біздің ұсынып отырған баламалы бағалау жүйесі өзіндік жұмысын жүргізуге баланың деңгейін анықтауда тиімді болып табылады.

Бағалаудың деңгейі үш топқа бөлінеді: V, L, O.

Бірінші деңгей V — шартты белгісі. Бұл деңгейде білім, білік және дағдыны бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдері жоғарғы деңгейлі.

Екінші деңгей — L шартты белгісі. Бұл деңгейде түзетушілікті қажет ететін бағадағы көрініс — орта деңгей.

Үшінші деңгей O — шартты белгісі. Бұл деңгей қалыптастырушылық, дамытушылық, көмекті қажет ететін, ынталандырушылық болып келеді.

Оқыту процесінде баламалы бағалаудың формалары қалыптасқан. Оның тиімділігі — мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Мысалы өзіндік жұмыста барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар өз бетінше жұмыс жасайды, ал қорытынды бағалауға келгенде оқушының толық аты-жөні жазылмайды. Ол тек қана әр оқушының өзіне тән жеке коды арқылы берілетін болады. Осы тұста баламалы бағалаудың нәтижелі болуының кепілі, кейде кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты (сабақ жіберу, нашар үлгеру, ауру т.б.), қосымша көмекті қажет етулері мүмкін осындай жағдайда баға немесе төмен нәтиже оқушының ішкі уәжін, талпынысын, сабаққа деген ынтасын түсірмейді. Баға «балл» есебінде көрсетіледі. Мұғалім сол деңгейдегі оқушылардың жұмысын ерекше еске алып, сол бойынша жұмыс жасайды.

Өзіндік жұмыс жүргізуде баламалы бағалау формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді және оқыту барысында жақсы нәтиже береді.

Баға білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды.

Мәдина Кенжеханқызы
СЕРКЕБАЙ,

№64 мектеп-лицейінің бастауыш сынып
мұғалімі.

Нұр-Сұлтан қаласы.



Робот техникасындағы пәнаралық байланыс

Робот техникасын оқыту келесі білім беру конструкторларының көмегімен жүзеге асырылады: LegoWeDo, LegoMindstorms NXT, Lego Mindstorms EV3, Matrix, Fischertechnik, Arduino, Roborobo және т.б.

Робот техникасы негізінде ойын технологиялары жатыр, бұл оның көпшілік қызығушылығына ие болуына негіз болып отыр. Ойын оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдісі мен тәсілі болып табылатыны сөзсіз, оның үстіне ол оқушыларға білім алу үдерісін байқамай-ақ үйренуге мүмкіндік береді.

Бұнымен қоса, робот техникасы — ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейін көрсететін ықпалдастырылған пән саласы. Ол информатика, физика, математика сияқты мектеп пәндерін қамтиды. Негізгі Білім берудегі робот техникасының аталған оқу пәндерімен байланысының екі түрін атап көрсетуге болады:

- *робот техникасын* оқыту үшін қажетті пәндік білім элементтері;
- *пәнаралық* білім элементтері.

Робот техникасымен таныстырудағы міндеттердің бірі — роботқа арналған алгоритмдерді құру және ретке келтіру. Сонымен қатар, робот жабдықталған құрылғыларды (моторлар мен датчиктерді) бағдарламалау физика саласына жатады. Бағдарламаларды құру кезінде датчик жұмысының мәнін (оның жұмысы негізделген физикалық заңдылықтарды) түсіну, датчиктің өлшеу дәлсіздіктерін ескеру және т.б. білу керек. Физика техниканың ғылыми негізі ретінде үнемі жетекші орында, себебі

оған техникалық прогрестің неғұрлым маңызды бағыттары негізделген. Робот техникасы үшін физикалық ғылымның аса маңызды бөлімдері механика мен электроника болып табылады. Ғылыми таным құралы ретінде математика білім берудегі робот техникасында бұрыштарға, градустарға, коэффициенттерге және пропорцияларға қатысты есептерді шығаруға септігін тигізеді. Физикалық және математикалық білім бірігіп, роботтың қозғалыс траекториясын есептеуге және физикалық шамалар мәндерін табуға мүмкіндік береді. Ақырында, информатика мен математика біртұтас ауыспалы шамалар мен математикалық есептеулерді қолдана отырып, робот үшін барынша күрделі алгоритмдерді жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Политехнический терминологический толковый словарь / Составление: В. Бутаков, И. Фаградянц. — М.: Polyglossum, 2014.

2. Традиционный перевод на русский в произведениях А. Азимова.

Zunt, Dominik Who did actually invent the word «robot» and what does it mean?. The Karel Čapek website. Тексерілді, 11 қыркүйек 2007.

Robotics: About the Exhibition. The Tech Museum of Innovation. Тексерілді, 15 қыркүйек 2008.

Алтынгүл Дюсенбаевна СЕЛБАЕВА,
Маңғыстау энергетикалық колледжінің
Арнайы пән оқытушысы.
Ақтау қаласы.



Ағылшын тілін меңгерудің әлемдік стандарттары туралы студенттерге бағыт беру жолдары

Жалпы ағылшын тілін жетік меңгеруге тырысатын әрбір студенттің өзіндік мақсаттары болатыны белгілі. Кейбіреуі білімін ары қарай жалғастыру, яғни магистратураға түсу немесе ағылшын тілін жақсы меңгеруді талап ететін қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуге, кейбіреуі шетелде оқуын жалғастыру мақсатында, ал қалғандары қандай-да бір тағылымдамадан өту немесе халықаралық сайыстарға, конференцияларға қатысу мақсатында оқуы мүмкін. Бұл әрине жалпы заман көшінен қалмау және ақпараттық қоғамда толыққанды әрі белсенді өмір сүру үшін деген басты себептерден бөлек академиялық тұрғыда тіл үйренуге деген мақсаттардың бір бөлігі болып табылады.

Көп жағдайда, колледж студенттері, ағылшын тілінің халықаралық стандарттары туралы хабарсыз болып жатады. Кез-келген тілдің сол тілді үйренушілерге арналған халықаралық бекітілген стандарттары болады. Мысалы, қазақ тілінің де «Қазтест» атты сынағын мемлекеттік қызметке және «Болашақ» стипендиясына үміткерлер тапсыруы міндетті. Сол сияқты ағылшын тілінің дәл сондай екі басты стандартты сынақтары бар.

Менің ойымша әрбір ағылшын тілі пәнінің оқытушысы студенттерге міндетті түрде осы стандарттар туралы жалпылама ақпарат пен түсінік беріп қана қоймай, сонымен қатар сабақ барысында да тесттің кейбір элементтерін енгізуі жалпы тілді меңгеруге деген мотивацияны оятып қана қоймай, келешекте студенттердің сол тестті тапсыруға деген үрейін де сейілтетіні анық.

Қазіргі таңда ағылшын тілінің ең басты

стандартты сынағының бірі IELTS болып табылады. IELTS (ағылш. International English Language Testing System ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесі) – ана тілі ағылшын тілі еместердің (non-native English speaker) тіл білу деңгейін тексеруге мүмкіндік беретін емтихан. IELTS сынағының сертификаты Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдеріне көшу үшін құжаттарын тапсырғалы жүрген адамдарға, және барлық дерлік шетелдік жоғары оқу орындарында білім алғысы келген студенттерге қажет болады. Қазақстан университеттеріне де магистр және докторант дәрежесін алуға IELTS нәтижелері талап етіледі.

IELTS сынағының екі түрі бар: Academic (оқытылу тілі ағылшын болатын жоғарғы оқу орындарында оқығысы келгендерге арналған) және General Training (жоғарыда аталған елдерге көшетін адамдарға арналған). Academic сынақтың General Training тестінен ең басты ерекшелігі – Оқылым (Reading section) мен Жазылым (Writing section) бөлімдерінің күрделірек болуында. IELTS тестінің нәтижелері жазылған сертификат, алынған күннен бастап екі жылға дейін жарамды болады. IELTS негізі төрт бөлімнен тұрады, және олар келесі реттілікпен тапсырылады:

1. Listening;
2. Reading;
3. Writing;
4. Speaking.

• Listening – ұзақтығы 40 мин: 30 мин – тыңдалым және сұрақтарға жауап беру, 10 мин – дұрыс жауаптарды жауап парағына көшіру. Бұл бөлім тұрмыстық тақырыптардағы диалог пен арнайы бір тақырыпқа



арналған монологтан тұрады. Тапсырушының тыңдау жүйесін тексеретін бұл бөлімді қазіргі таңда көптеген оқытушылар өз сабақтарында кеңінен қолданып жүр.

- Reading — ұзақтығы 1 сағат. Үш мәтінді оқып, оларға байланысты сұрақтарға жауап беру керек бөлім. Бұл бөлімде мәтінді барынша түсініп оқу, немесе ойға түйю және кілт сөздерді аңғару сынды қабілеттер тексеріледі. Былай қарасақ, дәл осы қабілет жалпы оқушының тұлға ретінде де дамуына керек етілетін нәрселер болып табылады.

- Writing — ұзақтығы 1 сағат. Бірінші тапсырмада диаграмма немесе кестені 150 сөзбен суреттеу тапсырылады. Ал екінші тапсырмада берілген тақырыпқа 250 сөзбен эссе жазу беріледі. Бірі өмірдегі көзқарасыңызды аңғартатын сұрақтардан құралса, енді бірі карта, жол немесе мектептің ғимараты секілді логикалық тапсырмаларды бере отырып, тапсырушының тығырықтан шығар жолды қалай түсіндіретінін бағалайды. Көп жағдайда екі диаграммаларды беріп, оларды салыстыруды талап етуі де мүмкін.

- Speaking — ұзақтығы 11-14 минут. Бұл бөлімде тапсырушы тексерушімен сұхбаттасады. Сұхбат толығымен диктафонға жазылады, сондықтан аппеляцияға беруге тапсырушының толық құқығы бар. Үш бөлімнен тұратын бұл тапсырмаға берілетін уақыт — 15 минут. Тапсырушыдан кірген бойда өзі туралы бірнеше мәлімет сұрауы мүмкін. Кейін жауабы жеңіл сұрақтарға көшеді. Екінші бөлімде белгілі бір тақырыпта әңгімелесуді ұсынады.

Жалпы алғанда IELTS сынағының тапсырмалары TOEFL тапсырмаларына ұқсас болып келеді. Алайда оқытушы тек біреуімен ғана шектелмей, екі сынақтың да материалдарын кезектесе пайдаланғаны жөн.

TOEFL (Test of English as a Foreign Language) стандартты американ ағылшын тілінің университет деңгейіндегі білімін тексеру мақсатында қолданылатын сынақ

жүйесі. Тест нәтижесі екі жылға жарамды. TOEFL сынағы Educational Testing Service (ETS) компаниясының жеке патенті ба-лып табылады және бүкіл әлемде оның емтихан тапсыру орталықтары жұмыс істейді. Аталған сынақ алғаш рет 1964 жылы өткізілген болатын. Содан бері 20 миллион студент өз білімін тексеріп үлгерген. Бұл сынақта да стандартты төрт бөлім болады.

- Оқу. Бұл аспекті академиялық тақырыптағы 3-5 үлкен мәтіндер мен оларға қатысты тапсырмалардан тұрады. Студенттер мәтіннің негізгі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруі және қосымша деректер келтіріп, қорытынды жасай білуі қажет. Ал iBT форматында талапкер мәтін мазмұнын ауызша айтып, кесте толтыруы тиіс болады. Бұл тапсырманы орындауға өзге ғылым салаларындағы базалық білім де қажет болуы мүмкін. Осы бөлімді көбіне емтихан немесе қорытынды бағалау тапсырмаларында пайдалануға болады.

- Тыңдау. Тапсырма 6 үлкен мәтіннен тұрады. Мәтінді студенттер бір рет ғана тыңдап, оған қатысты сұрақтарға жауап беруі тиіс. Мәтіндер диалог, пікірталас немесе академиктің лекциясы болуы мүмкін. Студенттер сұрақтарға қарап мәтіннің негізгі ойы мен толықтыруларын айқын көрсете білулері қажет. IELTS-қа қарағанда сәл күрделілеу болғандықтан, жұптық тапсырмалар ретінде орындауға болады.

- Тілдесу. Секция екі оңай және төрт күрделі тапсырмалардан тұрады. Алғашқы екі тапсырма студенттің академиялық өмірі жайлы болып, талапкер өз пікірін айта алуы керек. Келесі екі тапсырма студенттен оқу, тыңдау және ағылшын тілінің сөздік қорын талап етеді. Сосын студенттер соңғы ең күрделі тапсырмалардың мәтіндерін тыңдап, өз ой-түйіндерін толық айтуға бейім болуы керек.

- Жазу тапсырмасы. Бұл бөлім екі тапсырманы құрайды (күрделі және қарапайым). Күрделі тапсырмасы академиялық тақырыпта жазылған екі мәтінді тыңдау және олардың ортақ байланыстары жайлы



жазу болып табылады. Ал қарапайым тапсырма белгілі бір тақырып аясында эссе жазумен шектеледі.

Бағалау жүйесі бойынша ешкім 0 ала алмайды. Әрине, емтиханға қатыспаған жағдайда ғана 0-дік көрсеткіш көрсетуіңіз мүмкін. Бірақ емтихан қорытындысы бойынша 1-9 балдық жүйемен бағаланады. Өзге елге қоныс аударуыңыз үшін 5-6,5 балл аралығындағы баға жеткілікті, ал жоғары оқу орнына түсу үшін 6-9 аралығында балл керек.

Көріп отырғанымыздай, аталмыш тесттердің қай-қайсысы да оған дайындық барысында тіл меңгерудің барлық аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар, тесттің әрбір бөліміне дайындалуға арналған ғаламторда көптеген оқулықтар мен аудио-видео материалдардың болуы оқытушының сол бөлімдерді сабақ барысында да қолдануына көптеген пайдасын тигізетіні анық.

Мысалы, төмендегі Жазу бөліміндегі бірінші тапсырмаға назар аударар болсақ, осы тапсырманы күнделікті сабақ барысында үй жұмысы ретінде қолдануға болады. Бұл тапсырма

да тек аз уақытта өз ойын жеткізу ғана емес, пайдалы статистикалық ақпаратты талдау мен эссе құрылымын сақтау сынды маңызды критерийлерді ескеруге тура келеді. Сондықтан бұл тапсырманы арнайы бір тақырыпқа өзгертіп, кез-келген тақырыпта пайдалануға болады.

Оқу бөлімінің мәтіндері арнайы дайындықсыз студенттерге сәл қиындау болуы

мүмкін. Себебі тестте көптеген терминдер және ерекше сөздер кездесетіндіктен, оқытушы мәтінді жеңілдету жолдарын қарастырып, стандартты 5-6 абзацты 3-4 абзацқа дейін қысқартқаны жөн. Алайда тапсырмалардың құрылымын сол күйінде қалдыруға болады. Яғни тапсырмалардағы multiple choice сұрақтар, мәтін ішінен сөздерді табу және олардың синонимдерін іздеу, мәтіннің мағынасын түсінуге арналған сұрақтар беру арқылы студенттердің логикалық ойлау және сыни пайымдау қасиеттерін дамытуға болады. Сабақ барысында осындай тапсырмаларды шешуге үйренген студентке алдағы уақытта бұл тестке дайындық психологиялық үрей әкелмейтіні анық.

Тезисті түрде қорытындылайтын болсақ, оқытушы IELTS және TOEFL сынақтарының барлық бөлімдерінің тапсырмалары мен материалдарын өз сабағына бейімдеп пайдалана алады. Яғни, оқытушы төмендегі критерийлерге жауап беретін тапсырмаларды дайындағаны жөн:

- Тапсырма тесттердің біршама жеңіл-

The graph below shows the percentage of part-time workers in each country of the United Kingdom in 1980 and 2010.

Summarise the information by selecting and reporting the main features, and make comparisons where relevant.

Write at least 150 words.



1- сурет. IELTS Writing бөлімінің 1-тапсырмасы.



On the move

Economic analysis sheds light on the history of migration and on its future

A. DURING successive waves of globalisation in the three centuries leading up to the first world war, migration of labour was consistently one of the biggest drivers of economic change. Since 1945 the world has experienced a new era of accelerating globalisation, and the international movement of labour is proving once again to be of the greatest economic and social significance. As a new study by Barry Chiswick of the University of Illinois at Chicago and Timothy Hatton of the University of Essex makes plain, it is economic factors that have been uppermost throughout the history of migration.

B. For many years after the discovery of America, the flow of, free migrants from Europe was steady but quite small: transport costs were high, conditions harsh and the dangers of migration great. In 1650 a free migrant's passage to North America cost nearly half a year's wages for a farm labourer in southern England. Slavery predominated until the slave trade was stopped in the first half of the 19th century. By around 1800, North America and the Caribbean islands had received some 8m immigrants. Of these, about 7m were African slaves.

C. The first era of mass voluntary migration was between 1850 and 1913. Over 1m people a year were drawn to the new world by the turn of the 20th century. Growing prosperity; falling transport costs and lower risk all pushed in the same direction. Between 1914 and 1945, war, global depression and government policy reduced migration. During some years in the 1930s, people returning to Europe from the United States, even though comparatively few, actually outnumbered immigrants going the other way. After the second world war the cost of travel fell steeply. But now the pattern changed. Before long Europe declined as a source of immigration and grew as a destination. Emigration from developing countries expanded rapidly: incomes there rose enough to make emigration feasible, but not enough to make it pointless. Many governments began trying to control immigration. Numbers, legal and illegal, surged nonetheless, as economics had its way.

D. Migration, it is safe to assume, is in the interests of (voluntary) migrants: they would not move otherwise. The evidence suggests that it is also very much in the overall interests of the receiving countries. But, as Mr Chiswick and Mr Hatton point out, there are losers in those countries. The increase in the supply of labour means that the wages of competing workers may fall, at least to start with.

2-сурет. IELTS Reading бөлімінің мәтіні.

детілген бірақ негізгі концепциясын сақтаған жүйемен бейімделу тиіс.

- Тапсырма сабақтың тақырыбына сай немесе сол салаға жақын тақырыпта болғаны жөн.

- Тесттердің 2010 жылдан бері қарайғы нұсқаларын ғана пайдалану керек. Себебі заман ағымының талабына сай мәтіндер көбіне 2010 жылдан бергі тесттерде кездеседі.

Қорытындалай келе, әріптестерімізге қазіргі ерекше жағдайда студенттердің мотивациясын арттыру және жалпы көзқарастарын дамыту мақсатында кез келген тілдің халықаралық стандарттарға сай сынақтарын сабақ барысында қолданудың тиімділігін тәжірибеде сынап көруге кеңес беремін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

www.ielts-exam.net/docs/reading/IELTS_Reading_Academic_46.htm.

www.ielts.org/.

«IELTS дегеніміз не?». Ж. Өрісбай – Массажет ғаламтор журналы.

Мильруд Р.П. Методика преподавания английского языка. English Teaching Methodology. — М.: Дрофа, 2005. — 190 б.

Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е.С. Полат. - М. : Академия, 2000 - С. 43-456.

Айсулу Бакитжановна УТЕПБАЕВА,
Маңғыстау энергетикалық колледжінің
ағылшын тілі пәні оқытушысы
Ақтау қаласы.